

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

6. Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. -М.: Наука, 1974.-571 с.
7. Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи.-Л.: Наука, 1971. –403 с.
8. Жданко Т.А. Очерки исторической этнографии каракалпаков //Труды ИЭ АН СССР. Т. IX.. - М.-Л.,1950. –171 с.
9. Шаниязов К. Узбеки-карлуки. -Ташкент.: Наука, 1964. –195 с; Соники. К этнической истории узбекского народа (на материалах кипчакского компонента), -Ташкент.: Фан, 1974. –342 с.
10. Потапов Л.П. Этнический состав и происхождение алтайцев. -Л.: Наука, 1969. –196 с.
11. Греков Б.Д. Киевская Русь. -М.: ГИПЛ,1949. –511 с.
12. Гафуров Б.Г. Кушанская эпоха и мировая цивилизация. -М.: Наука,1968. –20 с.
13. Толстов С.П. Народы Средней Азии и Казахстана. Том 2. -М.: Наука, 1963. – 354 с.
14. Маргулан А.Х. Отчет о разведке Центрально-Казахстанской археологической экспедиции 1947 года // ИАН Каз ССР. Серия истории, археол. и этног. -1948. -№ 49. -С. 119-146.
15. Жданко Т.А. Очерки исторической этнографии каракалпаков //Труды ИЭ АН СССР. Т. IX.. - М.-Л.,1950. – 171 с.
16. Плетнева С.А. «Печенеги, торки и половцы в южнорусских степях».-М.: Наука, 1976. – 372 с.
17. Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье. Этнос, языки, религии.- Москва: Наука, 1992.- 684. с.
18. Смирнова О.И. //Письменные памятники и проблемы истории культуры народов Востока. XIX годичная научная сессия ЛО ИВ АН СССР (доклады и сообщения). 1985 г. Часть II. Материалы по истории отечественного востоковедения. I. М.: Наука, ГРВЛ, 1986. С. 345.
19. Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. -Алматы: Дайк-Пресс, 2002. –604 с.

ПАРСЫ ДЕРЕККӨЗДЕРІНДЕГІ ТҮРКІ-МОҢҒОЛДАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕГЕН ҒАЛЫМДАР

Төлімбетова Б.Н.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Халықаралық қатынастар
факультетінің докторанты

Кеңестік дәуірде шығыстану ғылымы айтарлықтай деңгейде дамыды. Олай дейтін себебіміз, сол кезеңде көптеген араб, парсы тілінде ортағасырдағы тарихи шығармалар орыс тіліне аударылып, ғылыми айналымға ене бастады.

Кеңестік ғалымдар «Жами ат-тауарих» шығармасын орыс тіліне аударып бастайды. Алайда КСРО мен Германия арасындағы екінші дүниежүзілік соғыс басталып, кейінге қалдырылады. Бірақ, аудару жұмысы 1952-1960 жылдар аралығында орыс тіліне аударып, түсініктерімен бірге жарияланады. 1952-жылы орыс тіліндегі толық аудармасын Л.А. Хетагуров пен О.И. Смирновалар аударған. Бірінші томның ғылыми түсініктерін А.А. Семенов жазып, редакциясын басқарған. Ал, «Рашид ад-Дин және оның тарихи еңбегі» атты кіріспе очеркін профессор И.П. Петрушевский жазған. Ол жерде И.П. Петрушевский парсы тарихшысының өмірбаянының зерттелу тарихы туралы қысқаша анықтама беріп, «Жами ат-тауарих» шығармасын бұрынырақта зерттеген ғалымдардың кейбір қателіктерін атап өтеді. Шығарманың екінші томы Ю.П. Верховский мен Б.И. Панкратовтардың аудармасымен 1960-жылы жарық көрген. Екінші томның редакциясын профессор И.П. Петрушевский басқарған. Бұл аудармасы жеті ескі қолжазбалардың негізінде жасалған сыни мәтіндердің жиынтығы бойынша орындалған: Өзбек ССР Мемлекеттік қоғамдық кітапханасы Жорабек жинағының қолжазбалары, стамбулдық қолжазбалар, Ленинградтағы М.Е. Салтыкова-Щедрина атындағы Мемлекеттік қоғамдық кітапхана қолжазбалары, Британ музейінің қолжазбалары, Тегеран музейінің қолжазбалары, КСРО ҒА Шығыстану институтының қолжазбалары және 1911 жылы жарияланған Э. Блошенің мәтіні. Ал үшінші томы Бакуде жарық көрген. Оны орыс тіліне 1957-жылы А.К. Арендс аударып, парсы тіліндегі ғылыми сыни мәтінін А.А. Ализаде жасаған.

Аталмыш ғалымдардың ішінде А.А. Семёновтың де еңбегі орасан зор. Ол Мұхаммад Юсуф Муншидің «Тарих-и Муким хани», Мир Мұхаммад Амини Бухаридың «Убайдулла наме» және Ғийасдин Алидің «Темірдің Үндістанға жорығы» атты құнды қолжазба

деректерін аударып және оларға пікір жазған. А. А. Семёнов Орта Азияның орта ғасырлардағы тарихы туралы жазған көптеген басылымдары бар. Атап айтар болсақ, «Шейбани-хан өзбектерінің құрамы және шығу тегі мәселесі», «Алғашқы шейбанидтер және Мәуереннахр үшін күрес (XVI ғ.)», «Шейбани-хан және оның тимуридтерді жаулап алуы (XV—XVI ғғ.)» және т.б. Жалпы алғанда А.А.Семёнов 200-ден астам ғылыми басылымдардың авторы.

«Тарих-и Рашиди» шығармасының Қазақ хандығына қатысты жерін аударған кеңестік ғалымдардың бірі В.В. Вельяминов-Зернов. Одан бөлек «Тарих-и Рашиди» шығармасының авторы Мырза Хайдар Дулати туралы деректер мен оның басқа да шығармалары туралы В.В. Бартольд, Р.Г. Мукминова, Н.Н. Мингулов сынды т.б. ғалымдардың кітаптарынан оқуға болады.

Ал, түркі-моңғолдар тарихына қатысты ең алғашқы парсы тіліндегі дереккөздердің бірі болып саналатын Жувейнидің «Тарих-и жахангушай» орыс тіліне толықтай аударылмаған. Тек үзінділері аударылып, екі томнан тұратын «Материалы по истории туркмен и Туркмении» және «Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды», т.б. еңбектерінде жарыққа шыққан.

Шарафаддин Али Язидің «Зафар-нама» дереккөзі орыс тіліне түпнұсқадан толықтай аударылмаған. Тек хроникалық фрагменттері ғана аударылып, 1941 жылы В.Г. Тизенгаузеннің жинауымен КСРО ҒА «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағында» басылып шыққан. Ал, толық аудармасы ескі өзбек тілінен орыс тіліне тарихшы А.Ахмедовтың аударуымен 2008 жылы Ташкентте жарыққа шығады.

Қазақ халқының құрамы жөнінде зерттеу жүргізген кеңестік ғалымдардың бірі этнограф, тарихшы шығыстанушы Н.А. Аристовтың Орта Азия және Қазақстан туралы жазған еңбектері жетерлік. Соның ішінде қазақтардың этникалық құрамына көп тоқталған. Еңбектері: «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности», «Труды по истории и этническому составу тюркских племен» атты еңбегінде қырғыздар мен өзге де түркі тайпаларының этникалық құрамы туралы мақалалары мен Жетісу көшпенділерінің жерге орналасуы туралы Н.А. Аристовтың архивтік хаттары енгізілген. Ал, ғалымның 1893 жылыбаспаға дайындаған «Усуны и кыргызы или кара-кыргызы: очерки истории и быта населения западного Тянь-Шаня и исследования по его исторической географии» атты еңбегі 2001 ғана жылы жарыққа шығады. Бүгінгі таңда автордың бұл еңбегі қазақтар мен қырғыздар тарихы бойынша ең құнды дереккөздердің бірі болып табылады.

Көбірек кеңестік дәуір зерттеушісі саналатын тарихшы шығыстанушы, түркітанушы С.Г. Кляшторныйдың да Орталық Азия және Қазақстан бойынша кітаптар жазуда аз еңбектенбегенін келесі еңбектерінен байқауға болады: «Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии» еңбегінде көне түркі ескерткіштеріндегі жазбалар арқылы Орта Азия тарихы туралы деректер келтіреді. Т.И. Сұлтановпен бірігіп жазған «Государства и народы Евразийских степей: Древность и средневековье» және «Государства и народы Евразийских степей: От древности к Новому времени» атты еңбектерінде Ұлы далада өмір сүрген көшпенді түркі халықтарының ежелгі, орта және жаңа ғасырдағы тарихтарын зерделеп ашып көрсетеді.

Отандық шығыстану ғылымы жас ғылым бола тұра, Қазақстан тарихына жаңа тың мағлұматтарды енгізуде елеулі еңбектер атқарып келеді. Қазақтанның шығыстану ғылымы тарихшы, шығыстанушы, түркітанушы, этнограф Ш. Уәлихановтан бастау алады деп айтсақ қателеспейміз деп ойлаймын.

Қазақтың аса көрнекті ғалымы әрі ағартушысы Ш.Ш. Уәлиханов өзінен кейін мол әдеби мұра қалдырды. Өзінің қысқа өмірінде ол Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихына, географиясы мен этнографиясына арналған бірсыпыра еңбектер, сонымен қатар, едәуір көлемде қоғамдық саяси тақырыптарға арналған еңбектер жазып үлгерді. Өзінің ғылыми қызметін Ш.Ш. Уәлиханов кадет корпусында оқып жүрген кезде-ақ бастаған болатын. Шығыстанушы И.Н. Березиннің еңбектеріне қызығушылық білдіріп, Ш.Ш.

Уәлиханов оның «Хан жарлықтары» еңбегіне сын-пікір жазды, ол оның тұңғыш ғылыми мақаласы болды. Қадырғали Жалайридің «Жами ат-тауарихынан» көп нәрселер алып, алғаш рет оның негізгі тарауларын орыс тіліне аударып, түсініктер беріп, аудармаға қосымша шығыс терминдерінің сөздігін жасады. Ол «Шейбани-наме» мен «Шежіре-и түрктің» (И.Н. Березин басылымы) көптеген жерлерін жазып алып, солардың негізінде теориялық жағынан маңызды «Қырғыз (қазақ) шежіресі» атты еңбегін жазады.

«Жами ат-тауарихты» Уәлиханов сирек ұшырасатын тарихи шығарма, XV-XVI ғасырлардағы қазақтың тарихи аңыздар жинағы ретінде бағалады. «Қырғыздың шығу тегі туралы аңыздар Ұлы жүздің жалайыр руынан шыққан қырғыз жазған «Жами ат-тауарих» пен «Шайбани-намеде» айтылған жайлармен дәлелденеді» деп жазады Ш. Уәлиханов И.Н. Березинге жазған хатында [1,143 б.].

Ш. Уәлихановтың шығыс тілдерін меңгеріп қана қоймай, еуропалық тілдерді де жақсы білген. Соның арқасында ол ескі дереккөздерді түпнұсқада оқи алды. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының географиясына, тарихына қатысты шығыстық дереккөздермен де қиналмай таныса алды. Ол ұзақ та мұқият қарастырған парсы, араб, түрік тілдеріндегі «Бабырнама», «Тарих-и Рашиди», «Газкира-и Ходжаған» атты дереккөздерді зерттеп өз еңбегіне пайдаланды.

«Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығыстану ғылымында аққан жұлдыздай жарқ етті де жоқ болды. Орыс шығыстанушылары оны сирек кездесетін ғажайып дарын иесі деп таныды және одан түркі халықтарының тағдыры жөнінде аса маңызды жаңалықтар ашады деп күткен еді» деп жазды белгілі ғалым В.И. Веселовский[2, 1 б.].

Ш.Ш. Уәлихановтан соң белгілі тарихшы В.П. Юдиннің қазақ тарихын зерттеуде қосқан үлесі ерекше. Оның жетекшілігімен 1969 жылы «Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII веков. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений)» атты жинақ жарыққа шығады. Аталмыш жинаққа 10 дереккөздердің үзінді аудармаларына жазылған сыни мәтіндер мен 17 дереккөздік мақалалар енген.

В.П. Юдиннің Қазақстан және Шығыс Түркістан тарихын зерттеу мақсатында Өтеміс қажының «Чингиз-наме» (XVI ғ.), «Тарих-и Шайбани» (XVII ғ.басы), Мухалемад Аваздың «Зийа' ал-кулуб» (XVII ғ.басы) сынды аз зерттелген қолжазбалар туралы жазылған талдау мақалалары жұртшылықтың қызығушылығын тудырды.

Мамандардың арасында В.П. Юдиннің «О родоплеменном составе могулов Могулистана и Могулии и их этнических связях с казахскими и другими соседними народами» атты ғылыми мақаласы өз бағасын алған. Бұл еңбегінде Моғолияның Моғолстаннан этникалық, территориялды және мемлекет болып қалыптасудағы хронологиялық қатынастары бойынша ажыратып көрсеткен. Сонымен қатар, қазақ, ұйғыр және қырғыз халықтарының мемлекет ретінде қалыптасуына моғол этникалық компонентінің қатысы туралы жазып кеткен. Парсы және араб дереккөздерінен осы мемлекеттегі әртүрлі тайпалар туралы қысқаша мәліметтер келтіре кетеді: «После смерти Вайс-хана чоросы отказались признавать Исан-Бугу ханом и ушли к ойратам Амасангитайши. Они вновь признали власть моголистанских ханов только ко времени правления Султан Ахмад (Алача) – хана» [3, 61 б.]

Одан бөлек отандық тарихшыларымыздың бірі М.Қ. Әбусейітова Қазақ хандығы туралы көптеген монографиялар, оқулықтар мен мақалалар жазған және алты монографиясы мен екі оқулығы жарық көрді: «Казахское ханство во второй половине XVI в.»; «Казахстан и Центральная Азия в XV—XVII вв.: история, политика, дипломатия» атты еңбегінде ортағасырлық Қазақстан мен Орталық Азия тарихында маңызы бар Қазақ мемлекетінің даму мәселелерін зерттеген. Сонымен қатар, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша шыққан ««История Казахстана в персидских источниках» атты бес томдық еңбектің редакциялық алқа құрамында болып, жазылуына ат салысқан. Ю.Г. Барановамен бірігіп жазған «Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII – XVIII вв.» атты еңбегі деректанушылар үшін таптырмас құрал болып табылады.

Қазақстан шығыстану ғылымында парсы дереккөздерін зерттеу арқылы Қазақстан тарихының дамуына үлесін қосып жүрген шығыстанушы-ирантанушы ғалым Ж.М. Төлебаеваның еңбегі зор. Ол ортағасырларда жазылған парсы дереккөздерін зерттеп, зерделей отыра жұртшылыққа танылмай келген шығармаларды көпшілікке таныстырған. Сол дереккөздер негізінде жазылған ғылыми мақалалары мен еңбектері жетерлік. «Персоязычные источники по истории казахского народа XIV – XV веков атты мақаласында XIV – XV ғғ. аралығындағы Дешті-Қыпшақ жерін мекендеген тайпалардың тарихы баяндалады.

Кеңестік және отандық ғалымдардың қатарына жататын Т.И. Сұлтанов тарихшы шығыстанушының ерен еңбектері бүгінгі күндешығыстанушы және тарихшылардың назарында. Т.И. Сұлтанов Орталық Азия мен Қазақстан тарихын зерттеуде жеке және С.Г. Кляшторный, М.Қ. Әбусейітова сынды ғалымдармен бірлесе отырып жасаған еңбектерінің шығыстану және тарих ғылымы саласында елеулі орны бар. «Золотая Орда. Государство Чингизидов в Евразийской степи», «Рождение казахской государственности. История казахского ханства». Сондай ақ, жыл сайын шығып тұратын шығыстану, түркітануға қатысты «Тюркологический сборник» жинағының редакциялық алқасының құрамының мүшесі және біршама мақалалары осы жинаққа шығып тұрады.

Орталық Азия және Қазақстан жөнінде құнды деректерге толы Рашид ад-Диннің «Жами ат-тауарих» шығармасының отандық ғалымдар тарапынан зерттелуі жөніне келер болсақ, аталмыш шығарма толықтай аударылмаған. Тек Қазақстанға қатысты деректер «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген «История Казахстана в персидских источниках» атты бес томдық еңбектің 4-томына аударылып түсініктерімен бірге енген [4, 68-160; 273-282бб.]. Ал, бұл тарихи шығармаға өздерінің еңбектеріне пайдалану мақсатында жүгінбеген зерттеушілер жоқ десе де болады. Ғ.Ә. Қамбарбекова ғылыми мақаласында «Жами ат-тауарих» шығармасының С.М. Ахинжановтың «Кипчаки в истории средневекового Казахстана» атты еңбегінде Рашид ад-диннің шығармасына құнды дереккөз ретінде жоғары баға бергендігі мен шығыстану ғылым Ж. Ошан өзінің «Керей хандығы қытай деректемелерінде» атты еңбегінде Рашид ад-диннің «Жами ат-тауарих» шығармасының Керей хандығы тарихын зерттеуде ең басты дереккөздер қатарынан табылатынын атап көрсететеді.

Т.И. Сұлтанов секілді кеңес және отандық зерттеушілердің бірі кеңестік және қазақстандық қытайтанушы және түркітанушы ғалым Ю.А. Зуев. Оның еңбектері ерте дәуірдегі түркілердің тарихы мен шығу тегін зерттеген. Қазақстанның шығыстану ғылымына осы тақырып бойынша көптеген еңбектер жазып қалдырып, дамуына үлесін қосты деп санауға болады. «Ранние тюрки: очерки истории и идеологии» атты еңбегінде ертедегі түркілер, яғни юэчжи, тохар, түркі моңғол тайпаларының соңғы жүзжылдықтан біздің ғасырымызға дейін, ортағасырдан қазіргі күнге дейінгі аралықта этникалық тұрғыдан ауқымды өзгеріп отырғанын баяндайды.

Қазақстанның Шығыстану ғылымы қазақ халқының төл тарихын зерттеу мен зерделеуде қосқан үлесі мен әлі де тигізіп жатқан әсерінің үлкен екендігіне көз жеткіздік. Моңғол дәуірінің тарихы батысеуропалық ғалымдардың назарынан тыс қалған жоқ. Парсы тіліндегі тарихи дереккөздер деректану саласында ерекше орын алды. Көптеген батыс ғалымдарының назарында болған әрине, Жувейни мен Рашид ад-Диннің еңбектері. Осы жөнінде танымал шығыстанушы В.Ф. Минорскийдің еңбегі қызығушылық тудырады. А. Арсланованың еңбегінде Ф.М. Минорский мақаласына сілтеме бере отыра, Жувейни мен Рашид ад-Диннің жазу стилдеріне тоқталып өтеді. Жувейнидің еңбегі көркем жанрда жазылған, зиялы қауымға арналған десе, ал Жувейнидің еңбегін пайдаланған Рашид ад-Дин болса, нақты деректерге сүйене отырып, шығарманың көркемдік стиліне аз мән бергендігін жазады: «Рашид ад-Дин сначала интересовался историческим материалом, убедительными фактами, личностями и племенами, их полными названиями и особенностями. Его стиль очень прост, без неясных арабизмов, но с некоторым административных новых тюрко-монгольских терминов. Он писал так, как, вероятно, говорил... Ему пришлось осознать и

учитывать всю постоянно расширяющуюся территорию огромной Монгольской империи и обычаи всех населяющих ее и граничивших с ней народов» дей келе екі иран тарихшысы да бірдей деңгейде сол кезеңдегі мемлекеттік қызметпен өте жақсы ақпараттандырылған және сол тұстағы ерекше атмосфераны бізге жеткізе білгендігін айтады [5, 95-96 бб.].

1958 жылы ағылшын ориенталисті Джон Эндрю Бойле 1912-1937 жылдары Мирза Мухаммад Қазвинидің редакциялауымен жарыққа шыққан «Тарих-и жахангушайи» шығармасын ағылшын тіліне аударады. Бұл аудармасы парсы тілін білмейтін жұртшылыққа қолжетімді болып, құнды болып саналды. Алайда, Бойльдің бұл жұмысын аударма емес, парсы тіліндегі мәтінді мазмұндау мен түсіндіру деуге болады. Аударманың кіріспесінде автор Жувейни туралы биографиялық мәліметтер келтіріп, оның еңбегінің құрылымы мен саяси көзқарастарын талдайды. Жувейнидің моңғолдарға екіжақты көзқарасты ұстанғанына баса назар аударады: «Бұл қарама-қайшылықты қалай түсінуге болады. Бір жағынан моңғолдардың қатыгездігі туралы жазса, екінші жағынан моңғол билігі мен билеушілерін мақтап мадақтап, жаулап алушылықты құдайдың мейірімділігі ретінде түсіндіреді» дей келе, Дж. Бойленің пікірінше, Жувейни моңғолдардың қол астында қызмет еткендіктен, моңғол билеушілерінің жақсы қасиеттерін атап қана қоймай, жаулап алушылықты құдайдың еркі деп ақтауға мәжбүр болды.

Парсы дереккөздеріне қызығушылық танытып, зерттеумен айналысқандардың қатары аз емес. Солардың бірі танымал башқұрт саясаткері және ғалымы Ахмет Заки Валиди Тоған. Ол оқулық ретінде өзінің алғашқы көлемді жұмысын жазуды бастайды. Атауы бірнеше рет өзгеріске ұшыраған «История тюрков и татар» атты татар тілінде жазылған еңбегін 1912 жылы «Миллят» типографиясында жарыққа шығарады. Кітап 1915 және 1917 жылдары қайта басылып шығады. Өз кезегінде бұл еңбегі ірі ресей шығыстанушылары, соның ішінде Санкт-Петербург университетінің профессоры, академик В.В. Бартольдтың тарапынан қолдау табады. Аталмыш кітап негізінде екі томнан құралуы керек болған. Бірінші томында түркі халықтарының ерте дәуірден Қазан хандығы құлағанға дейінгі аралықтағы тарихы баяндалатын болған болса, екінші томында Қазан хандығы құлаған сәттен қазіргі заманға дейінгі кезеңдегі түркі халықтарының тарихы баяндалуы керек болатын. Алайда, кітаптың бірінші томы ғана жарыққа шыққан. Оның құрылымы бес бөлімнен тұрады: 1) Ерте дәуірдегі түркі халықтары; 2) Ислам және түркілер (Тоқадан Шыңғыс ханға дейін); 3) Шыңғыс хан. Ұлы түркі мемлекеті (ел мен тақ моңғолдардың билігінде); 4) Дешті-Қыпшақ немесе Алтын Орда мемлекеті; 5) Татарлардан кейінгі Бұлғария. Қазан хандығы (Бұлғар хандығындағы татарлар).

Парсы тіліндегі дереккөздерді зерттеу эстафетасын француз жерінде жиырмасыншы ғасырда Э.Блоше жалғастырды. Француз ғалымы Эдгар Блоше 1911-жылы «Жами ат-тауарих» шығармасының Хулагу-ханға арналған бөлімін жарыққа шығарады. Сонымен қатар, оның «Рашид ад Диннің «Тарих-и моғул» шығармасына кіріспе» атты еңбегі кеңінен танымал. Алайда, бұл еңбегі ресей шығыстану ғылымының білгірі В.В.Бартольдтың тарапынан сынға ұшырайды. Ол Блошенің бұл еңбегі ғылымды алға емес, артқа сүйрейтінін жазады [6, 283 б.].

Ал, парсы тіліндегі құнды дереккөздердің бірі болып табылатын «Зафар-нама» шығармасының негізгі бөлімі парсы тіліндегі нұсқасы кіріспесіз 1887–88 жылдары Калькутта қаласында және 1957 жылы Тегеран қаласында басылып шығады. Ал, кіріспесімен парсы тіліндегі нұсқасы 1972 жылы Ташкентте жарияланады. Оның алғысөзін, сыни мәтіні мен көрсеткіштерін А.Урунбаев жазып, баспаға дайындайды. Ал, оның редакторлығынфилология ғылымының докторы А.К. Арендс басқарған. Француз тіліне 1722 жылы Франсуа Пети де ла Круа (фр. François Pétis de la Croix) аударған. Осы француз тіліндегі аудармасын ағылшын тіліне J. Darby 1723 жылы аударады.

Парсы дереккөздерін зерттеумен қатар, тарихнамаларды да зерттеген Татарстанның шығыстанушысы А. Арсланова Алтын Орда тарихы, Жошы ұлысының тарихы бойынша парсы тіліндегі дереккөздердің тарихнамасы мен деректануы тақырыптары аясында ғылыми жұмыстар атқарып келеді. Оның негізгі еңбектерінің бірі «Кыпчаки и термин Дашт-и

Кыпчак (по данным персидских источников XIII-XVIII вв.)» атты мақаласында кыпшақтардың әр кезеңдерде барлық тұрған аймақтарындағы басқа да халықтардың, яғни татар, башқұрт, қырғыз, өзбек, қарақалпақ және Кавказ, Оңтүстік Сібір мен Алтайдың түркітілдес халықтарының қалыптасуына ықпалын тигізгендігі туралы жазылған. «Этнонимы народов золотоордынского Поволжья по данным персидских источников XIII - перв. пол. XV вв.» атты мақаласында XIII ғасырда моңғолдар шапқыншылығының нәтижесінде Поволжье аймағындағы көшпенділер туралы парсы дереккөздеріне сүйене отырып зерттеген. Ал, «К вопросу об этнониме “татары”» және «Некоторые особенности изучения этнонимов “татары” и “монголы” по данным персидских исторических источников» деген еңбектерінде «татар» этнонимінің шығу төркіні мен «моңғол», «татар» этнонимдерін зерттеудегі кейбір ерекшеліктерін парсы дереккөздерінен дәлелдер келтіре отыра зерттеп жазған.

Иранның белгілі тарихшысы Аббас Иқбал өзінің «تاریخ خمنغول» (Тарих-и моғул) атты еңбегінде моңғол дәуіріндегі Ирандағы тарих жазу үдерісінің дамығанына тоқталмай кетпейді. Бұның екі себебі бар деп санайды. Біріншіден, бұрын соңды болмаған ірі мемлекеттердің құлауына себепкер болған моңғолдар жаулап алушылығы секілді жаһандық оқиғаның енуімен түсіндірсе, екіншіден, илхандықтар ата бабалары, халықтары және солармен шекаралас болған халықтардың өткені туралы естеліктерді тарихта қалдыру мақсатында осы ғылымды дамытуға үлестерін қосу себебінен деп түсіндіреді. Ирандық ғалым А. Иқбал Несевидің «Сират ал Жалаирад-Дин», Жувейнидің «Тарих-и жахангушай», «Тарих-и Вассаф» және Рашид ад-Диннің «Тарих-и Ғазани» атты төрт дереккөздерді маңызды шығармалардың қатарына жатқызып, бұлардан кейін жазылған қалған тарихи шығармалар осылардың көшірмесі деп жазады [7,486 б.]. А. Иқбал сондай-ақ, «Жами ат-тауарих» шығармасының бірінші томына «татар тайпалары мен Шыңғыс хан ата бабаларының уникалды тарихы және бұл Жувейнидің еңбегінде жоқ мәлімет» деген баға береді [7,489 б.]. Бұл пікірмен парсы әдебиетінің тарихшысы Забихулла Сафа да келіседі. Ол «Жами ат-тауарих» шығармасының бірінші томы «Тарих-и Ғазани» кітабы түркі-моңғол тайпалары, моңғол билеушілері мен хандары және Ғазан хан билігі тұсындағы оқиғалар туралы құнды деректерді құрайды. деп есептейді. Сол себепті тарихшылар үшін негізгі дереккөз ретінде пайдаға асып жатыр деп жазады [8, 49 б.].

3. Сафа темірлерге дейінгі және темірлер билігі тұсындағы тарихшылар мен олардың еңбектеріне қысқаша мінездеме бере кетеді. Аталғандардың ішінде Мухаммад Нисавидің «Сират Жалал ад Дин Манкубирни», Жузджанидің «Табақати Насири», Ата Мәлік Жувейнидің «Тарихи жахангушай» және «Тарихи Вассаф» еңбектерін бірінші атап өтеді. Алғашқыларының авторларының стилі қарапайым болса да, шеберлер қатарына жатқызады. Ал, «Тарихи Вассаф» шығармасын қиындығы жағынан гиперболалық мінездемесі бар, сол себепті әрдайым сынға ұшырап отырады. Дегенмен илхандар дәуіріне қатысты құнды деректерді құрайтынын айта кетеді [8, 50 б.].

Ал, Тегеран университетінің профессоры Ширин Байани өз зерттеуінде Жувейниді Иран менталитетінің жаңғыруына еңбегі сіңген қайраткер ретінде оның жеке тарихына көп көңіл бөледі. «Тарих-и жахангушай» шығармасында Жувейни өз өмірі мен ата-бабасының өмірі жайында баяндағанын айта келе, оның ата-баба, әкесі мен ағасының қызметтеріне тоқталып өтеді. Сонымен қатар, Ширин Байани өзінің тырнақалды үш томнан тұратын «دي نودول» (Иранның моңғол дәуірі тұсындағы діні мен мемлекеттілігі) атты еңбегін жариялайды. Аталмыш еңбегінің екінші томында илхандар билігі тұсында ирандық элементтердің мәдениет саласында ерекше орын алғанын жазады [9, 373 -415бб.].

Алғаш рет тарихи маңызы орасан зор бұл еңбекті зерттеуді ағылшын ғалымдары қолға алады. Ағылшын тіліндегі аудармасы 1895-жылы жарық көрген. Ал орыс тіліне алғаш рет отандық ғалымдар аударып 1969-жылы жарыққа бірнеше парсы және түрік тілдеріндегі дереккөздердің үзінді аудармаларымен бірге жарыққа шығарған. Бірақ бұл шығарманың толық аудармасы емес. Аталмыш үзінді аударма Қазақстан мен Орталық Азия билеушілеріне, әсіресе, Қазақ хандығына қатысты бөлімдерінен үзінді аудармасы болып

табылады [10,185-231бб.]. «Тарих-и Рашиди» шығармасының толық аудармасын өзбекстандық ғалымдар 1996-жылы жарыққа шығарады. «Тарих-и Рашиди» шығармасын еліміз тәуелсіздік алған соң отандық зерттеушілер қазақ тіліне аударуды қолға алды. Алғаш рет И. Жеменей парсы тілінен қазақ тіліне 2003-жылы аударды. Бұл аудармадан кейін де отандық ғалымдар «Тарих-и Рашиди» шығармасын қазақ оқырмандарына жаңа редакциясымен таныстыру жұмысын жалғастырады. Нәтижеде, екінші рет М. Қазыбек пен Ә. Нұралиевтің аудармасы 2015-жылы жарық көреді. Алайда бірнеше аудармалары мен көптеген зерттеу жұмыстары бола тұра «Тарих-и Рашиди» шығармасы толықтай зерттелді деп айта алмаймыз.

«Тарих-и Рашиди» шығармасын зерттеудің маңыздылығын бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Біріншіден, шығармада бірнеше елдің, ұлыстың, этностардың, оның ішінде қазақ халқының тарихы туралы құнды деректер кездеседі. Екіншіден, Орталық Азияны мекендеген көптеген түрік-моңғол тайпаларының шежіресі мен салт-дәстүрі қамтылған. Үшіншіден, Мәуераннахрды мекендеген ұлттардың билікке таласу арқылы әрқайсысының жеке-дара мемлекет болуға талпынысы баяндалады. Шығарманың алғы сөзінде атауы неге «Тарих-и Рашиди» аталуының үш себебін келтіреді: 1. Тоғылық Темірді исламға бұрған Аршад ад Диннің құрметіне; 2. Тоғылық Темір халқын әкелген тура жолдың құрметіне; 3. Қашғарда билік еткен Әбул Мұзаффар Әбд ар-Рашид ханның құрметіне [10, 18 б.]. Шығарма XVI ғасырдың екінші жартысында-ақ тарихшы ғалымдардың назарына іліге бастаған. Атақты ғұламаның еңбегін дерек көзі ретінде түрлі ел тарихшылары, шығыстанушылар, географтар, филологтар пайдаланып келеді. Бұл еңбекке ғалымдардың бірнеше буыны назар аударып, өз еңбектерінде дерек көзі ретінде пайдаланғандарымен, осы уақытқа дейін ол жүйелі және жан-жақты, толық әрі тыңғылықты да терең зерттелген жоқ. «Тарих-и Рашиди» еңбегінің Орталық Азия, соның ішінде Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеуге қосқан үлесі мол.

Қорыта келгенде, Шыңғыс хан және оның ұрпақтары билеген тұста жазылған тарихи парсы тіліндегі шығармалар ағылшын, орыс, француз тілдеріне толықтай аударылмай, тек қана үзінділері аударылғанын байқадық. Ал, отандық шығыстану ғылымында парсы дереккөздері түпнұсқадан аударылмаған. «Тарих-и Рашиди» шығармасы ғана қазақ тіліне толықтай аударылғанымен, өкінішке орай тікелей парсы тілінен бүгінгі күнге дейін аударылмаған. Қазақстанның шығыстану ғылымы енді ғана бой көтеріп келе жатқанын ескерсек, бұл қажырлы еңбекті талап ететін ғылыми жұмыстар алдағы уақытта өз шешімін табады деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Уәлиханов Ш. Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Толағай групп», 2010. Т.1. – 376 б.
2. Веселовский Н.И. Предисловие к сочинениям Ч.Ч. Валиханова / Метеор. – Собр. соч. СПб., 1904. – Т.1.
3. Юдин В.П. О родоплеменномсоставе Могулистана и Могулии и их этнических связях с казахским и другими соседними народами // Научная статья. – Известия АН Каз.ССР, 1965 - № 3 - С.52-65.
4. История Казахстана в персидских источниках. Т. 4.: Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006.
5. Арсланова А.А. Остались книги от времен былых... – Казань: Татар. кн. изд-во, 2002. – 239 с.
6. Бартольд В.В. Рец. На книгу: “E. Blochet. Introduction a l’histoire des Mongols de Fadl Allah Rashid-Din” (1910) / Соч. – Т. 8. – М.: «Наука», 1973. – С. 270 -310.
7. Аббас Иқбал. Тарих-и моғул эз хамлеи Ченгиз тоташкил-е доулат-е Тимури. – Тегран: Ентешерат-е Амир Кабир, 1312 х.ш.
8. Забихулла Сафа. Тарих-е адабиат-е Иран. – Тегран, 1371 х.ш.
9. Ширин Баяни. Дин ва доулат дар Иран аhd-е Моғул. – Тегран, 1371 х.ш.
10. Ибрагимов С.К., Мингулов Н.Н., Пищулина К.А., Юдин В.П. Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII веков (МИКХ). – Алма-Ата: Изд.-во «Наука» Казахской ССР, 1969.